

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ БАҒДАРЫ

Әли Б.Қ.¹

¹Ә.Ғ.К., Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан,
bota.alieva@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан кейінгі көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамда жастар арасында діни көзқарас пен діни сауаттылық мәселесі қаралды. Бүгінгі таңда қазақ қоғамында ұлтжанды әрі иманды ұрпақ қалыптастыру, намысты, рухани ділі мықты жастарды тәрбиелеу өзекті мәселеге айналып отыр. Қоғамымызда жас буынның дінге деген бетбұрысының өзгергені байқалады.

Еліміз көп конфессиялы және көп ұлтты ел болғандықтан бір шаңырақ астында мұсылмандар да, христиандар да және де өзге дін өкілдері бейбіт әрі бір-біріне толеранттылық көрсетіп өмір сүруде. Әрине, бұл мемлекет тарапынан, Елбасы тарапынан жасалып жатқан тиімді іс-әрекеттер және қолайлы жағдайлар деп түсінеміз. Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар қазіргі таңда көптеген елдерге үлгі болып отыр.

Тірек сөздер: рухани құндылық, дін, Дінтану, Ислам, экстремизм, радикализм, терроризм, жаһандану, Қазақстан жастары.

Алғаш рет елімізде Құран Кәрімнің танылуы 1912 жылы қазақ тіліне аударған Мұса Бегейұлымен байланысты. Екінші аударманы 1988 жылы Түркиялық қазақ Халифа Алтай жасаған болатын. Алайда, бұл қазақ даласына Исламның сол уақытта келгендігін меңземейді. Ата-бабаларымыз Исламды ежелден қабылдаған. Түркі тілдес халықтардың мұсылман дінін қабылдауында көп еңбек еткен Яссауидің жолын, қазақ хандар мен билердің, халқының мүддесін қорғап, еркіндігі мен тәуелсіздігін тілге тиек еткен, қазақ зиялылары діни-ағартушылық көзқарастарын, қоғамның әлеуметтік-мәдени және діни өміріне қосқан үлестерін ұмытпауымыз керек.

Барлығымыз білетіндей, Кеңес Үкіметі кезінде халқымыздың санасына атеистік идеологияны әбден сіңіріп, исламды түбегейлі жоюға тырысты. Алайда, ата-бабаларымыздың, қазақ ағартушы-зиялыларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізді алғаннан кейін дінге деген бостандық пен еркіндігі берілді, сонымен қатар, халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы және мәдениетінің қайта жаңғырып, дамуына, білім беру саласының қарқынды өсуіне, еліміздің болашағы қазақ жастарының рухани келбетін қалпына келтіруде Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың бастаған үлкен бастамаларымен басталды және күні бүгінге дейін әлі жалғасын табуда.

Еліміз көп конфессиялы және көп ұлтты ел болғандықтан бір шаңырақ астында мұсылмандар да, христиандар да және де өзге дін өкілдері бейбіт әрі бір-біріне толеранттылық көрсетіп өмір сүруде. Әрине, бұл мемлекет тарапынан, Елбасы тарапынан жасалып жатқан тиімді іс-әрекеттер және

қолайлы жағдайлар деп түсінеміз. Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар қазіргі таңда көптеген елдерге үлгі болып отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деп атап көрсетті. Сонымен қатар Ұлт көшбасшысы өз Жолдауында: «...біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс» [1], – деп айтқан болатын. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бізге жолдаған әрбір сөзін өскелең жас ұрпаққа аманат етіп, сабақтастықты жалғастырып санасына күйіп жеткізу біздің міндетіміз болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамында ұлтжанды әрі иманды ұрпақ қалыптастыру, намысты, рухани ділі мықты жастарды тәрбиелеу өзекті мәселеге айналып отыр. Жастардың дәстүрлі рухани құндылығының байлығы қоғам өмірі үшін өте маңызды. Себебі, жас ұрпақтың ұстанған бағытынан, оның дұрыс көзқарасы мен дүниетанымынан, саналы ғұмыр кешуге деген ынтасынан қоғам мен мемлекеттің тұтас дамуы анықталады. Сондықтан, жастардың әрбір салада сауатты болуы ең басты критерийлердің бірі болып саналады.

Жалпы халқымыздың дінге деген бетбұрысы, қызығушылығы артуда. Бұны елімізде мешіттердің салынуынан, жастардың мешітке көптеп баруынан, жастар арасында ораза ұстаушы мен құрбан салушылардың көбеюінен, жалпы имандылыққа жол тартуынан байқаймыз. Әрине, бұл мемлекет тарапынан жасалып отырған дұрыс бағыт-бағдардың, идеологияның нәтижесі деп айтуға болады. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы "Ислам және өркениет" газеті Қазақстанның барлық мешіттеріне тегін таратылады және газеттің сайты да бар. Діни мазмұндағы сайттарға келетін болсақ www.muftyat.kz , www.islam.ru , www.nur.kz т.б. сайттар, сондай-ақ, облыс орталықтарында және аудандарда орналасқан мешіттердің жеке сайттары жұмыс жасауда. Сонымен қатар, ақпарат ғасырында жаңа технологияны игеріп, насихат жүргізу мен ақпарат таратудың телевизиялық тәсілін қолдана отырып, «Асыл Арна», «Халық арна» атты телеарналар қызмет көрсетуде. Және де, үйренем деушілерге бірқатар ЖОО-да Дінтану мамандығы бар, Нұр-Мұбарак университеті, республика бойынша медреселер, ресми діни оқу орындары, құран курстары білім беруде. *Әбу Ханифа мазһабы* мұрасын қалыптастыру мақсатында, сонымен қатар, 9 сыныптан бастап діни дәрістер де оқытыла бастады. Бұрынғыға қарағанда, қазіргі уақытта діни қызметкерлер әртүрлі ресми газеттер мен журналдарға мақалалар жариялап, радио және теледидар арналарындағы бағдарламаларға жиі шақырту алады. Сондай-ақ, ҚМДБ (Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы) мақұлдауымен көптеген діни кітаптар басып шығарылды: Дін

мен дәстүр, Ислам ғылымының халы, Имамның тұлғалық келбеті, Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары және т.б.

Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылғы Жолдауында дін мәселесінің қоғамымызда маңыздылығын айта келе: *«Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек»* деп діни бағыттың, білімнің сауатты берілуі керектігін нақты жеткізген болатын [2].

Қазіргі уақытта Қазақстан жастары діни ақпаратты интернетте, әлеуметтік желілерде, мешіттерде, газеттерде, журналдарда оқиды. Яғни, жастардың басым бөлігі діни ақпаратқа ие болуда. Алайда, дінге қатысты еркін ақпараттың ағылуы біріншіден елде әрекет етіп отырған бейресми және төл тарихымыз бен мәдениетімізге жат христиандық-протестанттық бағыттағы миссионерлердің, екіншіден экстремистік, радикалды-ислами ағымдардың белсенділігін күшейтті. Дінде адасушылық, исламның саясилануы қоғамның тұтастығына теріс жағынан ықпал етуде. Діни топтардың артында сыртқы геосаяси күштердің де әсері бар екендігі де сөзсіз. Орталық Азияның геосаяси жағдайының өзге елдерге тартымдылығы, бұл аймақтың Таяу Шығыс пен Ауғанстан секілді саяси тұрақсыз елдермен шекаралас орналасуы, радикалды діни топтардың қызметінің белсенділігі қазіргі таңда «діни терроризмнің» әлемдік деңгейде өскенін байқаймыз. Дүниежүзі халқының көзқарасы бүгінгі күні мұсылман елдеріндегі оқиғаларға байланысты өзгеріске ұшырады, ислам дінін экстремизм, радикализм және терроризм сияқты теріс, ислам дінінің негізгі рухына жат түсінікпен, әлемдік деңгейдегі әлемдік санаға исламға қарсылық, жеккөрушілік туындатуда.

Сонымен бірге, қазақ қоғамындағы жастардың діни сауатсыздығын пайдаланып, салафиттік бағыттағы діни ағымдарға арбау, қоғамда дұрыс діни сана қалыптастыру деген бүркемелі ұстаныммен, жасырын атпен көп жастарымызды улауда. Яғни, психологиялық теріс насихат нәтижесінде радикализм, экстремизм бойынша елден аттанған қазақ азаматтарының іс-әрекеттері тиісті органдар тарапынан тіркелген болатын. Тек бұл мәселе емес, сондай-ақ әйел азаматын қап-қара киіммен тұмшалау, басқа дін өкілдерінен өзін биік ұстау, жаңа туған сәбилерге екпе салудан бас тарту немесе қандай да бір медициналық көмектен бас тарту, музыка тыңдау харам деп, тіпті Әнұранымызды тыңдамау, кеудеге қол қойдырмау, ұлттық рәміздерімізді құрметтемеу және т.б. салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызға жат іс-әрекеттерді жасау, бұрыс уағыз нәтижесінде санасы уланған азаматтар сол

ағымның басшысының сарбазы ретінде қылмыстық оқиғаларға да барып отырады. Бұндай келеңсіз жайттардың белең алуының тағы бір себебі дін саласындағы мамандардың жетіспеушілігі мен мектептегі дінтану сабағының діни білімі жоқ мамандардың дәріс беруінен және сабақтардың толыққанды берілмеуінен, шет ауыл мен аудандарда теолог-мамандардың жетіспеушілігінен деп түсіндіруге болады.

Сондықтан, елімізде тұрақтылықтың сақталуы, саяси-әлеуметтік жағдайдың дамуы және экономиканың өркендеуіне бәсекеге қабілетті, білімді, қазаққа тән салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді сақтай отырып, дұрыс діни білім алған, рухани адамгершілікке тәрбиеленген, сауатты жастардың қосар үлесі орасан зор. Сонымен қатар, әлемдік өркениетте және халқымыздың сан ғасырлық тарихында ең негізгі рухани мұрасы саналған діннің алатын орны ерекше екендігін атап өту керек.

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамымыздағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға – Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс» – деп көрсетілген [3-4].

Тәуелсіз елімізді әлемге таныту, жаһандану процесінде ұлттық рухымызды биік ұстап, рухани ізгілік және халқымыздың қанындағы отансүйгіштік, қайраттылық, әдептілік, қайырымдылық, имандылық, мейірімділік, секілді ұлттық құндылықтар мен асыл қасиеттерді ұлықтап, сыртқы ықпалдарға төтеп беретін мықты иммунитеті қалыптасқан, әрбір іске жауапкершілікпен қарайтын жастар, жарқын болашақтың кепілі.

ӘДЕБИЕТ

1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // ЕгеменҚазақстан. –2012.- 15.12.

2 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқына жолдауы. – Кіру режимі: <http://www.kisi.kz/index.php/kz/poslaniya-narodu-kazakhstanana/944-2012-zhyl-y-14-zhelto-san-aza-stan-respublikasyny-prezidenti-n-nazarbaevty-aza-stan-khal-yna-zholdauy> - (Қараған күні 28.11.2020).

3 Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. – Кіру режимі: <https://elorda.info/%D1%80%D0%B0%D0%B0%0%B5-qazaq/30092020/112602/39329.html> - (Қараған күні 28.11.2020).

4 Райымбекова А. Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі медиаторлық қызмет // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Международные отношения и регионоведение”. 2018. - № 3. - 81-85 бб.

REFERENCES

1 QR Prezidentiniñ «Qazaqstan-2050» strategiyası qalıptasqan memlekettin jana sayası bagıtı» attı Qazaqstan halqına Joldauı (Address of the president of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan "strategy" Kazakhstan-2050" new political course of the established state). Egemen Qazaqstan. –2012.- 15.12.

2 Qazaqstan Respublikası Prezidenti N.A.Nazarbaevtin qazaq halqına joldauı (Address of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the Kazakh people). Kiru rejimi: <http://www.kisi.kz/index.php/kz/poslaniya-narodukazakhstanana/944-2012->

zhyl-y-14-zhelto-san-aza-stan-respublikasyny-prezidenti-nnazarbaevty-aza-stan-khal- yna- zholdaуy - (Qaragan kuni 28.11.2020).

3 Memlekettik jastar sayasatının 2020 jılǵa deyingi tujırımdaması (Concept of State Youth Policy until 2020). – Kiru rejimi: <https://elorda.info/%D1%80D0%B0%D0%B0%B5-qazaq/30092020/112602/39329.html> - (Qaragan küni 28.11.2020).

4 Rayımbekova A. Halıqaralıq qaqtıǵıstardı retteudegi mediatorlıq qızmet (Mediation activities in the settlement of international conflicts). Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana, Seriya «Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye».- 2018. - № 3. - 81-85 p.

ОТНОШЕНИЕ К РЕЛИГИИ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА

Али Б.К.¹

¹к.с.н., старший преподаватель
КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан bota.alieva@mail.ru

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы религиозного отношения и религиозной грамотности среди молодежи в многонациональном и многоконфессиональном обществе после обретения независимости Республики Казахстан. На сегодняшний день в казахском обществе актуальным становится вопрос формирования национально-нравственного поколения, воспитания молодежи с сильным духовным менталитетом. В нашем обществе наблюдается изменение отношения молодого поколения к религии.

Поскольку наша страна является многоконфессиональной и многоэтнической страной, мусульмане, христиане и люди других религий живут в мире и толерантности под одной крышей. Конечно, мы понимаем, что это эффективные действия и благоприятные условия со стороны государства, Президента. Межэтнические и межконфессиональные отношения в Казахстане сегодня являются образцом для многих стран.

Ключевые слова: духовная ценность, религия, Религиоведение, Ислам, экстремизм, радикализм, терроризм, глобализация, молодежь Казахстана.

RELIGIOUS ORIENTATION OF YOUTH IN KAZAKHSTAN

Ali B.K.¹

¹candidate of social sciences, senior lecturer,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan
bota.alieva@mail.ru

Abstract. The article deals with the issues of religious attitudes and religious literacy among young people in a multi-ethnic and multi-religious society after the independence of the Republic of Kazakhstan. Today, the issue of forming a national and moral generation, educating young people with a strong spiritual mentality is becoming relevant in the Kazakh society. In our society, there is a change in the attitude of the younger generation to religion.

As our country is a multi-religious and multi-ethnic country, Muslims, Christians and people of other religions live in peace and tolerance under one roof. Of course, we understand that this is an effective action and favorable conditions taken by the state, the President. Interethnic and interfaith relations in Kazakhstan today are a model for many countries.

Key words: spiritual value, religion, religious Studies, Islam, extremism, radicalism, terrorism, globalization, youth of Kazakhstan.

Статья поступила 23.11.2020